

Дурукоглу С. ¹, Монтанай Э.А. ²

¹доцент, Phd докторы, Университет Иноню, Түркия, Малатия қ., e-mail: sdurukoglu@gmail.com

²оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: elmiramontanayeva@gmail.com

КЕНЕН ӘЗІРБАЕВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ТӘРБИЕЛІК МӘНДЕР

Атағы кеңге жайылған Кенен Әзірбаев – қазақ әдебиетінде сан өнерді жарастырып, тең ұстаған ұлы өнерпаз: жырау әрі ақын, жыршы әрі күйші, әнші әрі композитор, шежіреші әрі ел мұрасын сақтаушы. Бұл мақалада Кенен Әзірбаевтың шығармаларындағы тәрбиелік мәндер зерттелінді.

Тәрбие – бұл жеке тұлғаның адамдық бейнесін, ұнамды мінез-құлқын қалыптастырып, өмірге бейімделу мақсатында жүргізілетін жүйелі процесс. Тәрбиенің мақсаты адам бойында ізгілік, инабаттылық, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру болып табылады.

Түйін сөздер: Кенен Әзірбаев, шығармалар, тәрбие, тәрбиелік мәндер.

Durukoglu S. ¹, Montanay E.A. ²

¹Assistant professor Inonu University, Turkey, Malatya, e-mail: sdurukoglu@gmail.com

²Teacher of Oriental Studies Faculty, Al-Farabi Kazakh national university,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: elmiramontanayeva@gmail.com

Educational values in the works of Kenen Azirbayev

Kenen Azerbayev is a great talent in Kazakh literature: a great singer, zhyrshy and kuishi, singer and composer, poet and guardian of the national heritage. This article examines the educational values in the works of Kenen Azerbayev.

Education is a systematic process aimed at creating an individual personality, positive attitude and adaptation to life. The purpose of education is the education of humanity and morality.

Key words: Kenen Azerbayev, work of Kenen Azerbayev, educational values.

Дурукоглу С. ¹, Монтанай Э.А. ²

¹Доцент, Phd, Университет Иноню, Турция, г. Малатъя, e-mail: sdurukoglu@gmail.com

²преподаватель, Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: elmiramontanayeva@gmail.com

Воспитательные ценности в творчестве Кенена Азербаяева

Кенен Азербаяев – великий талант в казахской литературе: великий певец, жыршы и кюйши, певец и композитор, поэт и хранитель национального наследия. В этой статье изучены воспитательные ценности в произведениях Кенена Азербаяева.

Воспитание – это систематический процесс, направленный на создание индивидуальной личности, позитивного отношения и адаптации к жизни. Целью образования является воспитание человечности и нравственности.

Ключевые слова: Кенен Азербаяев, произведение Кенена Азербаяева, воспитательные ценности.

Кіріспе

Қазақ даласы көптеген ақын жырауларға, шешендерге толы елді мекен. Қаншама ақын-жазушыларымыз күннен күнге азайып бара жатыр. Біз батыр елдің балаларымыз. Әрдайым тарихымызды, әдебиетімізді жадымызда ұстауға міндеттіміз. Елбасымыз айтқандай Рухани жаңғыру арқылы бабаларымыздың еңбектерін еске алып рухымызды көтеруіміз керек.

Көңілді күйге бөлеп, дархан даланы асқақ әнімен тербеткен, сөз маржанынан асыл ойлар тұндырып, тілегей теңіз жыр тудырған талантты жандар елімізде қаншама! Көптеген ән жырлармен халқын бесігінде тербетіп, халықтың еркесі атанған 19-ғасырдың дүлдүл ақыны, Сүйінбайдың батасын алған Жамбылдың ізбасары Кенен Әзірбаев 1884 жылы Жамбыл облысы Мәтібұлақ елді мекенінде жалшылар отбасында дүниеге келген. Әулетінен жалшылық айрылмаған Кененнің ата-бабалары жоқшылықтың салдарынан әйгілі «Бес жалаңаяқ» атанып кеткен екен. Сол жалаңаяқтардың бірі Кененнің арғы атасы Маңдабай. Одан Әзірбай, ниязбай, Әбденбай тараған. Бұлардың барлығы шетінен өнерпаз, сауықшыл, той думанның сәні болған кісілер. Маңдабай қартайған шағында: «барлығымыз тойшыл болсақ тозармыз, біреуің қойшы болындар», деп Әзірбайды қойшылыққа салған. Әзірбайдың алғашқы әйелінен болған ұлдары тағдырдың жазғанымен шетінеп кеткен екен, қыздары бой жетіп еліне ұзатылған. Осылайша Әзірбай жыртық үйде жападан жалғыз қалған. Ақыш деген батыр Әзірбайға жаны ашып өзінің Ұлдар атты қызын берген. Кенен осы Ұлдар анадан туған. Әкесі күйші шешесі жібек дауысты әнші болған. Анасының ақ сүтімен дарыған ақындық өнері жастайынан белгілі бола бастаған. Кенен өнерлі отбасынан ертелі кеш ән жыр тыңдап өседі. Балалық шақтың бақытын толықтай көре алмаған Кенен жеті жасында анадан жетім қалады. Күнкөріс үшін әкесі Кененді бауырының қолына беріп өзі нан табуға кетеді. Бірақ жеңгесі: «Шешесін жалмаған сорлының соры жұғады» деп үйінен қуып шыққан екен, мұны естіген Әзірбайдың сай сүйегі сырқырап еліне қайта оралып, Әумен атты батырдың малын Кененмен бірге бағады. Бұл жайында Кенен былай жырлаған екен:

Ол кезде әкем менің алпыс жаста,
Байқұстың баласы жоқ менен басқа.
Бағалмай мен жетімді шешесі өлген,
Жыласа көзі толған қанды жасқа...

Жас балаға жетімдік және кедейшілік тауқыметін тағдыр аямай шектірмеді. Тағдырдың жазғаны жас баланың сүйегін ерте қатайтады. Жокшылықпен өскен баланың пысық келетіні әйгілі. Қатарлас құрбыларымен ойнағанда салтымыздың түрлі ұпайлы ойындарында жеңімпаз болған. Тіпті қамыстан сыбызғы, ағаштан домбыра жасап алып жастайынан өмірдің ащылығын әніне қосқан.

Кененнің жастық шағы еңбек етумен өтеді. Өмірдің ащылығын жастайынан татып, әділетсіздік жанынан өтіп сүйегін сыздатқан. Бір парша нан таба алу үшін аяғына батқан тікенді алдырмай болашаққа үмітпен қарап өседі. Он жасында қолына домбыра алып, он үш жасында алғаш «Бозторғай» әнін шығарады. Бұл әнмен қазақ қырғыз жайлауларында танымал болып, кейінірек «Көкшолақ» әні Кененнің атағын кеңге жаяды. Боздаланың бозторғайы атанған жас әншінің шығармашылық хронологиясы осылай басталады.

Ата-анасы тіпті арғы аталары да өнерпаз болғандықтан, қайда болса қаша алмайсың дегендей, атасы әкесін қаншалықты «салшы болма, малшы бол» десе де Кенен сал-серіліктен айрылмаған. Тіпті Кененнің мына өлеңінен жыршылықты тастағысы келсе де тастай алмағандығын байқауымызға болады:

Өлеңді бір ойладым тастаймын деп,
Қартайғанда несіне қақсайын деп.
Бұл қиялым кеселдің кесірі екен,
Жазылған соң отырмын бастайын деп.
Ойлап ем домбырамды тартпайын деп,
Ән шырқап өлең жыр айтпайын деп.
Ақ домбырам түсімде мазамды алды,
Он бір жастан жолдасым «Қайтпаймын!» деп...

Кенен тек әнші ғана емес. Ол ең алдымен ақын. Ақын болғанда да азамат ақын. Республика көлемінде ол қатыспаған мәдени оқиғалар кемде кем. Кенен он алтыншы жылғы ұлт-азаттық қозғалысының сарбазы. Кенен ревком. Кенен үгітші. Кенен айтыскер және дастаншыл ақын. (Төреқұлов Н., 1967, 3)

Кенен Әзірбаевтың шығармашылығы жайында профессор М. Қаратаев (1970.152): «Кенен ән шығарып, сөзін жасайды (мұнда ол – ақын шәйір), сөзге шақтап әннің мелодиясын жасайды (мұнда ол – композитор), сол мелодияны тиісті музыкалық аспапқа (домбыраға) қосып өзі орындайды (мұнда ол – музыкант), ақырында өзі шығарған әнін өз әуенімен салады (мұнда ол – әнші) деп бағалаған. Осыған байланысты Кенен Әзірбаев әншілік сал-серілік композиторлық дәс-

түрді совет дәуіріне жеткізуші болып табылады.

Сәбит Мұқанов (1955) жылғы Кенен Әзірбаевтың кітабына жазған пікірінде былай мәлімдеген: «Халық өзінің өнерпаз ұл-қызын әр кезде де аса қадірлеген. Кененді де халқы аса қадірлеп, ол шығарған жырларды, өлеңдерді, әндерді ауыздан ауызға көшіріп, ел ішінде кеңінен таратып әкетеді, сондықтан революцияға дейін де ол халық ішінде ең белгілі ақын мен әнші болды. Октябрь революциясы, Кененнің өлең жырындағы, ән күйіндегі бұрынғы сарынды түгелімен өзгертеді. Ол енді халық бостандығының, халық бақытының, халықты бақытқа бастаушы коммунистік партияның шат көңілді жыршысы, әншісі болады».

Мақалада Кенен Әзірбаевтың 1974 жылғы «Таңдамалы шығармалар» кітабындағы өлеңдер 2018 жылы Түркия елінің Түрікше Үйрету Программасында белгіленген «негізгі тәрбиелік мәндер» қарастырыла отырып зерттелінді.

Біздің құндылықтарымыз – оқу бағдарламаларының келешегін құрайтын қағидаттар жиынтығы болып табылады. Тамыры салт-дәстүрлеріміз бен құндылықтарымызда жатқан тәрбиелік мәндер біздің өткен тарихымыз, бүгінгіміз және ертеңіміз болып табылады. Біздің негізгі адами қасиеттерімізді құрайтын құндылықтарымыз қасиетті күштің көзі. Олар біздің өміріміздің ащы ағымында әрекет етуге және біз кездесіп отырған проблемаларды шешуге мүмкіндік береді.

Тәрбие – бұл жеке тұлғаның адамдық бейнесін, ұнамды мінез-құлқын қалыптастырып, өмірге бейімделу мақсатында жүргізілетін жүйелі процесс. Тәрбиенің мақсаты адам бойында ізгілік, инабаттылық, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру болып табылады. Адам дүниеге келген күннен бастап тәрбиеленеді. Тәрбие адамның жүріс тұрысын, сөйлеу мәнері мен мәнін, ой өрісін қамтиды, адамға оң мен солды, дұрыс пен қатені үйретеді, жақсы мен жаманды танытады.

Төменде “Негізгі тәрбиелік мәндер” көрсетілген. Олар:

1. Әділдік
2. Достық
3. Адалдық
4. Өзін-өзі бақылау
5. Шыдамдылық
6. Құрмет
7. Махаббат
8. Жауапкершілік
9. Патриотизм
10. Мейірімділік

1. Әділет жақсы мінездердің ең құндысы. Әділ адам адамдардың ең жақсысы. Әділет келі-

сушілік, тепе-теңдік деген сөз. Әділдік қадағалау мен құқықтарды орындауды білдіреді. Шындықты айту және шындықты ажырата білу әділдіктің ең маңыздылығы болып есептеледі. Әділдік тұжырымдамасы негізінен құқықтық нормаларды сақтауды қамтиды. Бұл қоғам да адамдардың мінез-құлқымен байланысты болғандықтан, бұл мораль мен дін қағидаларымен байланысты. Заңға тиесілі құқықтарды барлық жанрға қолдануын қамтамасыз ету я болмаса құқықтар мен құқықтарды сақтау ретінде айқындалады.

Әділет дегеніміз бұл хақ, құқық, заң. Әрбір жаратылыс әділетті болу керек. Әділет бір жағынан адамды тепе-теңдікке тәрбиелейді. Бөлісу, халқына кірмеу деген ұғымда әділеттің жанында болады. Абай атамыз айтқандай «Кімде-кімнің әділдігі жоқ болса ұяты да жоқ». Басқаның хақын жеу, құқығына қол соғу әділетсіздіктер. Судың да сұрауы бар демекші әрбір нәрсенің өзіндік сұрауы, құндылығы, әділеттілігі болады. Адамдармен тең қарым-қатынас әділдіктің табиғи нәтижесі. Ақын заманында көптеген қиындықтарға, жоғарыда айтқанымыздай тағдыр тауқыметінің зардабын шеккен. «Қисық болса да байдың баласы сөйлесін» деген заманда өскен. Әділетсіздіктің түр түріне куә болған. **«Күбірткеше жебірлер»** өлеңі әділеттің маңыздылығын бандайтын астарлы шығармаларының бірі:

Көрінбей күбірткеше жегіштер бар,
«Қоғамда мен адалмын дегіштер» бар
Өз құлқынын ойлайтын кейбіреу бар
Көп ырзығын жеп жүрген «білгіштер» бар...

2. Достық – адамдардың бір-біріне адал, қалтқысыз сеніп, бір мүдделі, ортақ көзқараста болатын қасиеттердің бірі. Достық өзара жауапкершілік пен қамқорлықтың, рухани жақындықтың белгісі. Нағыз достық кісіге шабыт беріп, өмірде кездесетін түрлі сәтсіздіктерге мойымауға, басқа түскен қайғы мен қиыншылықты бірге көтеруге жәрдемдеседі. Қазақтың дәстүрлі әдеп жүйесінде достыққа үлкен көңіл бөлінеді. Халық арасында достық туралы мақал-мәтелдер жеткілікті: “Дос жылатып, дұшпан күлдіріп айтады”, “Досы жақсының, өзі де жақсы”, “Дүниеде адамның жалғыз қалғаны – өлгені, қайғының бәрі соның басында”...

Достық – бұл бірнеше махаббат құндылықтары бар тұжырымдама болып табылады. Достық бөлісуді білдіреді. Қайғыны, бақытты, ойларды, заттарды және т.б. бөлісе білу. Досымен фильмді көру, музыкамен бөлісу адамға

ерекше бақыт береді. Өйткені адамда бөлісу арқылы арақатынас нығая түседі. «Себебі дос бір бірінің көлеңкесі. «Досыңның кім екенін айт мен сенің кім екеніңді айтайын» деген атам қазақ. Яғни біздің жанымыздағы достарымыз біздің өміріміздің кірпішін қалауда үлкен әсер етеді. Ақынның «Қырғыз бауырыма» өлеңінде Мәсімхан атты қырғыз ақынымен арасындағы нағыз достықты көре аламыз:

Мәсімхан достым едің, тапқан ақыл,
Сасқанда болып едің нағыз жақын.
Патшаның жендеттерін қуған кезде
Басыма тігіп бердің күрке шатыр.

«Домбыра» өлеңінде адамның тек адаммен емес қасиетті домбыраның жолдастығын, ат ердің қанаты дегендей атының да әрдайым жанында жолдас болғанын өлең жырына қосқан:

Домбырам қайда барсам, тастамаймын,
Әнменен сенсіз өлең бастамаймын...
Астыма мініп жүрген атым жолдас
Құтқарған қашсам жаудан, қусам жеткен
Таппадым екеуіңнен жақын жолдас

3. Шыншылдық, туралық

Шынайылық, адалдық, дәлдік, ашықтық, шындық сияқты жеке-жеке сипаттамалары бар болған шыншылдық – өтірік, алдау, алаяқтық сияқты теріс әрекеттер емес; бұл дәлдік және реализм сияқты оң әрекеттерді қамтиды. Ол өзіне сенім, жанашырлық, сыпайылық, мейірімділік және әділдік сияқты ізгіліктерді іске асырады. Шыншылдық адам бойындағы көркем қасиеттерінің бірі. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) «Білімсіз берілген пәтуаның күнәсі, сол пәтуаны берген адамға болады. Жауапты біліп тұрып, оны жасырған қиянат еткен болады» деп айтқан. Яғни әрдайым айтқан әрбір сөзіміз шынайы тура болуы қажет.

Ақынның «Әңгіме туралы» өлеңінде не айтсаң да шындықты айта білу маңыздылығын баяндайды:

Кейбіреулер әңгіме айтса көп айтады,
Аузыма ел қарасын деп айтады,
Біреуге біреудікін ауыстырып
Дәлелсіз білмеген соң неге айтады?

«Сайра тіл» өлеңінде халқы үшін тек шындықты айтып, пайдалану болуын үгіт етеді:

Сайра сайра қызыл тіл,
Халық үшін сайра тіл
Жауға қылыш қайра тіл,

Жұртың көрсін пайданды
Көргеніңді көзге айт
Жалтақ болма, «майда» тіл.

4. Өзін-өзі бақылау

Өзін-өзі бақылау біздің сезімдеріміздің үстемдігін білдіреді және «адамды» анықтау үшін біздің ойлар мен мінез-құлыққа сәйкес өмір сүруді үйретеді. Өзін-өзі бақылауда адам мақсатқа жету үшін реакцияны, мінез-құлықты немесе басқа мақсатқа бейімділікті бақылау және шектеу, авто бақылау ретінде сипатталады. Егер адам күйзелісте болса, онда өзін-өзі бақылаусыз күйде болып, өзінің импульстеріне бағынады; оның импульстері оны әлсіз етеді. Мысалы, сіз балмұздақты жеуге тілек етесіз және сіз бірден барып, балмұздақты дұрыс уақыт пен орынды күпестен қабылдайсыз. Бұл импульсті бағындыра отырып, ол оны бақылауды жоғалтады. Яғни сіздің импульстік қалауларыңыз басым болады. Бұл өрнекті көптеген мысалдармен көбейтуге болады. Өзін-өзі бақылау бір шетінен де сабырлықты, орынды ойлауды үйретеді. «Жеті рет өлшеп, бір рет кес» демекші әр нәрсенің алдында өзімізді қадағалап отыруымыз қажет. Ақын бұл қасиетті де өз өлеңдерінде ерекше насихаттаған:

«Кішіпейіл келеді білімді адам» атты өлеңінде білімділіктің маңыздылығын ескере отырып балаларға ұлық болсаң кішік бол ұстанымы бойынша кішіпейілділікті насихат етеді. Қандай да биіктен көрінсең де тәккаппар болма, өзіңді дұрыс ұстай біл деп астарлап өлеңді оқығанда ақылын айтады:

Көңілі тәккаппардың көкпен биік,
Болғанда ойы тайыз, сөзі сұйық.
Кішіпейіл келеді білімді адам,
Дәні толық тарыдай басын иіп.
Көңілі менмендердің көкпен де әрі
Құр кеуде іші қуыс кімге дәрі?
Қасында жеміс ағаш қатар тұрса,
Сидиған сопаң терек әрі сәрі

«Қызыл тіл» өлеңінде өзін өзі бақылауға алып айта алмаған шындықтарының уақыты келгенін баяндайды.

Қызыл тіл сайрайтұғын келді кезің,
Көптен бері тұтығып жүрген кезің.
Енді міне бақыттың таңы атты
Сөйлеші, ақтарылып көптің сөзі.

5. Сабыр

«Сабыр түбі – сары алтын» демекші сабыр адамзат баласының өміріндегі ең керекті құнды

қасиеттердің бірі болып табылады. Ата бабамыз әрдайым сабырлы болуды тілге тиек ете білген. Сабырлы болумен еңбексүйгіштік, ынта-жігер, табандылық, төзімділік, тұрақтылық, үміт, күш-жігер, мойынсұну сияқты ұғымдар қатар келеді.

Сабырлы болу да уақытқа байланысты бізге шыдамдылықты үйретеді. Өйткені біз уақыт кезеңі ішінде шешілуі мүмкін емес жағдайларға тап бола аламыз. Бұл жағдайларда төзімді болу өте маңызды. Тіпті Жаратқанның әмірлерінен бірі – әрдайым сабырлы болу. Сабырлы адам ең керемет көркем мінезді адам. Ақын басынан жастайынан талай қиындықтар өтсе де сол қиындықтарға малымай сабырлықпен төтеп берген. Төмендегі өрнектерде ақынның сабырлықты ерекше насихаттаған өлеңдерін көреміз:

«Көкшолақпен тойға барғаным» өлең шумағында қатыгез өмірге көрсеткен сабырлығын байқаймыз:

Сол қара тас жатқан жер Мәтібұлақ
Қозы жайған жерлерім күнде жылап.
Ерте тұрып дірдектеп мен жүргенде,
Қаныпез бай ұрсады сөзбен сыбап.

«Базар Назар» өлеңінде ақынның басына түскен қайғысына көрсеткен сабырлықты көре аламыз. Өлеңде ақын екі баласының бірдей шешек ауруынан қайтыс болғанын жырлайды.

*Отбасында сарғайып апаң қалды-ау,
Төр басында шошайып атаң қалды-ау.
Құлын-тайдай ойнаған қарақтарым,
Төр алдында шашылып сақаң қалды-ау.*

6. Құрмет – үлкенге құрмет, кішіге ізет деп ата-бабамыз бізге бекер айтпаған. Қазақ халқының қанында болған ең керемет қасиеттердің бірі бұл құрмет. Қазақ әрдайым құрметке маңыз берген. Досы былай тұрсын, дұшпаны болса да өз құрметін жоғалтпаған халық. Құрмет адамзат баласының бір-біріне деген көрсеткен қошеметі болып табылады. Адамға құрмет көрсету оның жеке басын қасиеттеріне, ішкі құндылықтарына, кейде жас мөлшеріне, отбасы жағдайына, лауазымына орай орын алады. Ішкі жан дүниесінің байлығымен, беделімен, кісілік адамгершілік қасиеттерімен, әлеуметтік тәжірибесімен көпшілік ортада көзге түскен адам құрметке ие болады. Құрмет рухани құндылықтарды қастерлеу. Елге, жерге, тілге, адамзатқа, ұлтқа қатысты мәдени және тарихи құндылықтарды жоғары бағалайтын эстетикалық және этикалық көзқарастар жиынтығы болып табылады. Ақынның **«Балуан Шолақпен кездескенде»** өлеңінде

атақты ақын Балуан Шолаққа көрсеткен құрметін көре аламыз:

Мен келдім сәлем беріп, батыр аға,
Атағың кең жайылған Сарыарқаға.
Бала едім жаңа талап, іздеп келдім,
Өзіңнен сұрайын деп ақыл, аға.

«Ысты ағайынға» атты өлең жырында өзіне құрмет көрсеткен ысты елінде тойына шақырып құрметтегенін баяндайды:

Қәдірлес, қатар жатқан ысты ағайын,
Ынтымақ, берекесі күшті ағайын,
Құрметті көп көріп ем ардақты ағайын,
Мен дағы тойға кел деп еске алайын.

7. Махаббат

Махаббат бұл Жаратушының адамзатқа сыйлаған ең керемет сезімі. Махаббат бұл әлемді өзіне бағындырған ұлы күш. Адамды ақылға сыйғысыз әрекетке апаратын құдірет иесі. Махаббат адам баласын биікке жетелетеді, отанына отбасына құрмет көрсетеді. Дескартес (2014:85)

Махаббат адамды барлығына үйретеді. Мейірімділікке, қайырымдылыққа, игі істер жасауға, әділдікке сыйластыққа батыл болуға, кейде тіпті жек көрушілік пен қызғаншақтықты да үйретеді.

Абай атамыз орыс ақыны Лермонтовтан аударған **«Махаббат, достық қылуға»** өлеңінде махаббат сезімінің құдіреттілігін баяндайды:

Махаббат, достық қылуға
Кімде болса тең емес,
Қазір дайын тұруға
Бес күндік ғашық жөн емес.
Еңбекке аз күн татымас...

Махаббаттың түрлері көп, адамға, табиғатқа, жануарларға деген махаббат, кітаптарға деген махаббат, отанға деген махаббат және т.б. Махаббатпен болған әр нәрсенің берекеті зор болады. Махаббат мейірім тудырады. Мына өлеңінде ақын әкенің балаға деген махаббат мейірімділігін көрсеткен:

Әкем байғұс артымнан кеп тұрады,
Шаршадың ба, қарағым деп тұрады.

«Туған жер» өлеңінде отанына, туған жеріне деген махаббат құрметін көре аламыз:

Жары Насиқаға арнаған **«Насиқа»** өлең жолдарында ақынның жарына деген ыстық сезімі мен разылығын көре аламыз:

Алақан ашық, кең пейіл,
Ағайын мен абысынға көрсетпеген бір зейіл
Насикаға теңеу жоқ, бұл сөзімде желеу жоқ...

«Балаларым» өлеңінде балалардың біздің болашағымыз екенін көрсетіп, оларға мейірімді болуымызды астарлап, бір жағынан өз заманындағы балаларды еркелетіп бата беріп келешектегі балаларға да мейірімділік батасымен сәлемін жолдайды:

Балаларым балдырғаным,
Сүйсем мейір қандырғаным.
Көп жасаңдар, берген батам
Баршаңызға сәлем айтам, Балалар!

8. Жауапкершілік

Жауапкершілік – адам бойында болуы керек негізгі қасиеттерінің бірі. Жауапты адам өзіне түсетін міндеттер мен функцияларды қажетті түрде уақтылы орындауы тиіс. Жауапкершілік сезімі баланың бойында жастайынан негізделуі қажет. Жауапсыз адам – үнемі басқалармен басқарылатын адам. Жауапты адам – ол өз жұмысын уақытында орындау үшін бастаманы өзіне алып, өз бетінше әрекет ете алатын адам.

Бізде жеке өміріміздің қажеттілігінен әлеуметтік өмірдің үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін бірқатар міндеттер бар. Мысалға ата-аналардың негізгі жауапкершілігі – отбасында, қоршаған ортада, қоғамға дені сау, ақыл-ойы дұрыс және рухани адамдарды тәрбиелеу. Ұстаздар оқушыларға жарқын білім беру, дәрігерлер емдеу дегендей.

Бала тәрбиесі бұл ең жоғарғы жауапкершілікті қажет ететін дүние. Себебі олар біздің келешегіміздің іргетасы. Іргетас неғұрлым сапалы болса соғұрлым келешектен зор үміт күтуге болады. Ақын шығармаларында жауапкершіліктің маңыздылығын тереңнен түсіндіре білген.

«Көгертер көсегенді» өлеңінде ақын балаларды жауапкершілікке, еңбекке шақырады:

Астықты тың далаға аттаныңдар,
Берерін табиғатын ап қалыңдар.
Бойкүйез, арамтамақ, жатып ішер
Жаман дерт осы бастан сақтаныңдар...

Еңбек ету де жауапкершіліктің бірі деп санауымызға болады. Себебі еңбек ете біз адами жауапкершілігімізді орындаған боламыз. Ақынның «Бәрінен де еңбек күшті» өлеңінде еңбектің маңыздылығын баяндайды:

Жерді көркем еткен еңбек екен,
Шын көркемдік ойласақ еңбекте екен!

9. Патриотизм

Отан – бұл біздің туып өскен жеріміз. Отан алтын бесігіміз. Отансыз адам ормансыз бұл-бұл демекші, әрбір адамның өз отаны бар. Ұлтқа қолдау көрсететін және олардың азаматтары арасындағы бірлік пен бірлікті қамтамасыз ететін моральдық құндылықтардың бірі – бұл, әрине отанға деген сүйіспеншілік. Өз Отанын сүйетін адам патриот. Отанға деген махаббат – бұл мадақтау үшін құндылық. Біздің ата-бабаларымыз отанымызды қорғау үшін тарих бойы құрбан болды. Біз бұл қазынаны махаббаттан қорғауымыз керек. Отанға деген махаббат – әр азаматтың парызы. Ақын бұл тақырыпты өлең жырларында кеңінен насихаттаған. «Балқаш», «Киров келгенде», «Алатау аспанменен тілдескендей», «Қарғалы», «Қазақстан» сынды көптеген отанға деген патриоттық рухты көтеретін өлеңдер бар.

«Алатау аспанменен тілдескендей» атты өлеңі Алатау жерінің отанының кереметтігін сипаттайды. Тауының керемет шыңы, орманының аңдары тіпті әдемілігін қызға теңеген. Бұл өлеңінде ақынның біз керемет сипаттау, суреттеу шеберлігін көре аламыз:

Алатау аспанменен тілдескендей,
Қол созып көкпенен де күрескендей...
Қойнында бүлдіргені қарақатпен
Аса алмас Хантәңірден адам етпен...

«Қазақстан» атты өлеңінде патриоттық сезімге толы ең керемет өлеңдерінің бірі дей аламыз:

Айбынды, қызыл тулы Қазақстан
Шалқимын сенен алған қуаныштан...
Алматы алтын бесік астанасы,
Шаттықта кемпір, шалы жас баласы...

«Сарыарқаға саяхат» атты өлеңінде Қазақстанның отанымыздың керемет жерлерін мақтанышпен сипаттайды. Патриоттық сезімді жоғарылататын өлеңдерінің бірі. 1916 жылғы көтеріліс, 1941 жылғы соғысқа арналған өлеңдері патриоттық рухты көтеретін, жігерлендіретін өлеңдері болып табылады.

10. Мейірімділік

«Кір тигізбей ұста ойынның өресін, мейірім етсең – мейірімділік көресің» деп Ж. Баласағұн атамыз айтқан мейірімділік бұл адамның бір-біріне көрсеткен ізгі ниеті мен лебізі, яғни адамдар арасындағы сыйластық, жанашырлық, кең пейілділік секілді қасиеттерге негізделеді. «Адам баласынан мейірім қашса, жер бетінен жақсы-

лық қашады» деген ата бабаларымыз. Яғни мейірімділік жақсылықты алып келеді. Жанындағы әрбір жанға көмек көрсетіп қамқор болу, жер бетіндегі тіршілік иесіне мейірім көрсету адами парыздардың бірі. Бұл қасиетті де ақын шығармаларында кездестіреміз. Мысалға: **«Кебекбайдың келбеті»** өлеңінде Кебекбай ақынның мейірімділігін ақын ерекше сипаттаған:

Кім нашар болса соның сөзін сөйлеп,
Қамқоршы бола білген бала жастан.
Аз сөйлеп, көп тындайтын елдің сөзін,
Бас иіп жұма қарап екі көзін.
Адамның әділ жолы ардақтысы,
Сабырлы, терең ойлы салмақтысы.

Кенен Әзірбаевтың **«Жақсылық пен жамандық»** өлеңі тұнып тұрған тәрбие. Әрбір шумағын оқысаңыз беретін өнегесі көп. Адам әрқашан өзінің әрбір ісін таразыға салып жүруі тиіс. Жақсылықтардың көп болғанын тілек етеді. Адал еңбекпен ғана жақсылыққа жететінін баяндайды. Бұны тек қана баяндап емес өз өмірінен өрнек ете жырлаған. Балаға тәрбие бергенде көбіне айтқаныңды емес істегеніңді қайталайтыны бәрімізге мәлім. Кенен ақынның шеберлігі соншалықты осыған да маңыз көрсете білген:

Жақсымды жаманымды саусақтасам,
Тексеріп түк қалдырмай бармақтасам,
Шүкіршілік, жақсы жағым басым екен,
Тартқандай таразыға сараптаса.

«Бір өсиет жастарға» өлеңінде де білім өмірдің ең үлкен маңыздылығы екенін жастарға өсиет етеді. Білімді болсақ қана жетістікке жететінін түсіндіреді.

Бұл дәуірдің білімі көп білемін
Жасым өтіп арманда боп жүремін.
Барша жұрттың кәрі жасы көзі ашық,
Ұрпақтарым оқындар деп тіледім.

Ескі әдетті, надандықты тастандар,
Ғылым білген айға ұшып, аспандар.
Мұхит дария асты-үсті үй болды,
Мұның бәрі білім күші, жас балдар.

Қорытынды

Кенен Әзірбаев әрі ақын әрі жазушы әрі күйші. Шығармалары тұнып тұрған өнеге. Жоғарыда

айтқанымыздай, балалар біздің – болашағымыз. Олар қаншалықты білімді тәрбиелі болса болашағымыз жарқын болады. Қазіргі таңда технологияның дамыған заманында бала тәрбиесіне немқұрайлы қарап жатқан жандар аз емес. Балаларымызды ақылды технологиялар тәрбиелеуде. Кітап оқу күннен күнге азаюда. Заманауи боламыз деп болашағымыз құндылықтарды жоғалтпауы керек. Біз оларға қолымыздан келгенінше тәрбиелік құндылықтарымызды әрдайым еске түсіріп отыруымыз қажет. Өйткені: «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болған кезде оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Себебі балаға тәрбие бесіктен деген, яғни шыр ете дүниеге келген күнінен баланы біз сөйлеуге, отыруға, тұруға дегендей іс-әрекеттерге үйретеміз. Сонымен қатар баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық сынды адами құнды қасиеттерді сіңдіре білуіміз керек. Отан отбасынан басталады демекші, адам баласының өсіп-өнген ортасы бұл отбасы. Яғни бала тәрбиесі алдымен ата-анасы, кейін мектеп қабырғасындағы ұстаздары мен қоршаған ортасынан тәрбиеленеді.

Кенен Әзірбаев шығармаларының негізгі тақырыптары негізінен ел – өмірі. Ол ел өміріндегі маңызды оқиғалар мен тарихи кезеңдерге өте мән берген және өз үлесін қосқан. Шығармаларында патриоттық тақырыптар басымдық келеді. Бұл оның халқын сүйгені, отанына деген құрметін көрсетеді, халқын білімге, өнегеге шақырады. Надандықпен алысып, ақиқатты үйретуді алдыңғы қатарға қойған ақын келешек ұрпаққа зор үмітпен, сенім білдіріп олардың болашағына қызыға қарап батасын берген.

Мақала зерттелу кезеңінде ақынның мейіріммен тәрбиелеу әдісін байқауға болады. Балаларға айтқан өсиеттері «құлақтан кіріп бойды алардай». «Келінжан» өлеңінде келініне деген мейірімін төге отырып ақылын айтып, батасын берген. Яғни Кенен шығармашылығының сая бағында өсу, тәрбие алу бүгінгі ұрпақтарға зор өнеге болары анық. Ақынның әрбір шығармаларын алып зерттесеңіз азаматтық ірілік пен адамдық ұғымдардың жаңа қырларына, сырларына жолыққандай боласыз. Ол халық ауыз әдебиеті нұсқаларын жадында сақтап, келесі ұрпаққа жеткізген қазына ақындардың бірі.

Әдебиеттер

- Авджи Н. (2007) Toplumsal degerler sosyolojisi denemesi. – Анкара: Сиясал кітабеви баспасы.
Әзірбаев К. (1984) Екі томдық таңдамалы шығармалар. I-том, «Өлең, терме, толғаулар». – Алматы: Жазушы, 246-бет
Әзірбаев К. (2013) Қосылған қоңыр қазға әнмен үнім. – Алматы: «Қазығұрт», 199-бет
Әзірбаев К. (1974) Алатау шыңы – Кенен Әзірбаев таңдамалы шығармалар, Өлеңдер, Дастандар, Айтыстар. – Алматы: Жазушы, – 463-бет
Әзірбаев К. (2001) Аңыздар сыры. Аңыз. Дастан. Әңгімелер. – Алматы: «Фолиант» баспасы,
Әзірбаев Б. (2011) Кенен «Шаңырақ медиа» баспасы. – Астана
Әзірбаев К. (2017) Шығармалары. Бес томдық. 3 том: Өндер мен күйлер. «Келешек» баспасы
Демирел Ш. (2010) Edebi metinlerde degerler egitimi. Пегем академи баспасы
Джусупов Н. (2004) Проблема концепта в современной лингвистике // Преподавание языка и литературы. Научно-методический журнал, №4. – С. 12-17.
Жуژهоглу Д. (1992) İçimizdeki çocuk Remzi баспасы. – Стамбул
Қаратаев М. (1970) Әдебиет және эстетика. – Алматы
Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. (1966) / Құрастырғандар: А. Ысқақов, Р. Сыздықова, Ш. Сарыбаев. – Алматы: Наука, 240 б.
Север С. (2015)Çocuk ve edebiyat Тудем баспасы. –Анкара
Туран Р., Улусой К. (2016) «Farklı yönlerle degerler egitimi». Анкара: «Пегем» академи баспасы,
Ширин М.Р (2015) Çocuga adanmış konushmalar Из яйынжылык баспасы. – Стамбул

References

- Avdji N. (2007) Toplumsal degerler sosyolojisi denemesi, Siyasal kitabevi baspasi Ankara
Azirbaev K. (1984), «Eki tomдық tandamalı shıgarmalar» I-tom, «Öleñ, terme, tolgawlar», Almatı «Jazushi» 246-bet
Azirbaev K. (2013) «Kosılğan konır kazga anmen unim», «Kazıgurt» baspasi, Almatı jil, 199-bet
Azirbaev K. (1974), Alataw shını – Kenen Azerbaev tandamalı shıgarmalar, Ölender, Dastandar, Aytıstar. «Jazushi» baspasi, Almatı –463-bet
Azirbaev K. (2001) Anızdar sırı. Anız. Dastan. Angimeler, «Foliant» baspasi, Almatı
Azirbaev B. (2011) Kenen «SHAñırak media» baspasi Astana
Azirbaev K. (2017) SHıgarmaları. Bestomdık. 3tom: Ander men kuyler. «Keleshek» baspasi
Demirel Sh (2010) Edebi metinlerde degerler egitimi Pegem akademi baspasi
Djwswpov N. (2004) Problema koncepta v sovremennoy lingvistike.// Prepodavanie yazıka i literatwrı. Nausnno-metodisheskiy jwrnal, №4. –S. 12-17.
Jwjeoglw D. (1992) İçimizdeki çocuk Remzi baspasi Stambwl
Karataev M. (1970) Adebiet jane éстетика, Almatı 152
Kazak tiliniñ kiskasha étimologiyalık sözdigi. (1966). / Kurastırğandar: A.Iskakov, R.Sızdikova, SH.Sarıbaev. Almatı., Nawka 240 b.
Sever S. (2015)Çocuk ve edebiyat Twdem baspasi Ankara
Twran R., Wlwoy K, (2016) «Farklı yönlerle degerler egitimi» Pegem akademi baspasi, Ankara
SHirin M.R (2015) Çocuga adanmış konushmalar Iz yayınjılık baspasi Stambwl